

**Өскемен қаласындағы тау-кен металлургия кенінінің ықпалы жағдайында Ертіс өзенінің түптік
інөгінділерін зерттеуді орындаудың техникалық сипаттамасы**

(Лот 13)

Ертіс өзенінің арнасы бойындағы 4 ұсынылған нүктеде (3 тік бойынша) түптік шөгінділердің 12 сынамасын іріктеу көзделген. Нүктелердің орналасуы: Өскемен су электр станциясының (ӨСК ГЭС) төменгі бьефі, Конденсатор зауытының ауданы, Үлбі өзенінің Ертіске құяр тұсынан төмен және ауданда «Алтай строитель» саяжай қауымдастығы. Сынамалардың гранулометриялық құрамын анықтау (12 дана), оның ішінде <0,2 мм және <0,01 мм фракцияларды бөліп көрсету. Металдардың валдық (жалпы) концентрациясын анықтау, атап айтқанда: жалпы темір, алты валентті хром (Cr⁶⁺), магний, кальций, калий, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, кадмий, мышьяк, сынап, алюминий, бериллий, селен, теллур. Осы элементтерге қатысты сынамаларды дайындау (12 сынамада). Қосымша ретінде <0,2 мм фракция үшін де жоғарыда аталған көрсеткіштер бойынша валдық концентрация аныкталады. Жалпы сынамалар саны – 24 дана. Түптік шөгінділердің ластану дәрежесін белгіленген нормативтер мен шекті рұқсат етілген концентрациялар негізінде, сондай-ақ ТШЛҰКИ (түптік шөгінділердің ластануының үлестік комбинаторлық индексі) бойынша бағалау. ГАЖ. технологияларын пайдалана отырып, Ертіс өзенінің зерттелетін бөлігінде жекелеген элементтермен және кешенді түрде ластанудың түрлі дәрежелері бар аймақтарды бөлетін карталарды әзірлеу. Ластаушы заттардың жиналуына және тасымалдануына әсер ететін гидродинамикалық процестерді зерттеу. Түптік шөгінділердің жағдайын жақсарту және ластануын азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Қорытынды нәтиже: Тау-кен металлургия кешенінің әсер ету жағдайында Ертіс өзенінің түптік шөгінділерін зерттеу бойынша есеп.

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөліміне қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынуға міндетті, олар өздерінің тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайды (бірақ тек олармен шектелмейді):

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алынатын қызметтер мен жұмыстар түрлеріне қажетті куәліктердің/лицензиялардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізуші персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі бар екендігін растайтын дипломдар, сертификаттар, оқудан және біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктер, куәліктер және т.б.);
- әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету тәжірибесін растайтын және куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған түрде;
- әлеуетті жеткізушінің мемлекеттік кірістер органдары алдындағы салықтар мен бюджетке міндетті өзге де төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы бірінші данадағы анықтама;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын құжаттар, бұл құжаттар тиісті конкурсқа қатысуға өтінім жіберілген күннен кешіктірілмей даталануы тиіс;
- әлеуетті жеткізушінің өндірістік базасының (өндірістік ғимараттар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екендігін растайтын құжаттардың әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Рахметуллина С.Ж.

**Басқарма мүшесі- ғылым және
инновация жөніндегі проректор**

Конурбаева Ж.Т.

Бағдарлама жетекшісі

Кожаметов Е.А.



ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30.11.2025 жылға дейін.